

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 12 ақпандағы N 229 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 19 мамыр N 753. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.06.01. N 604 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мұражайының және "Ордабасы" ұлттық тарихи-мәдени қорығының қызметін ұйымдастырушылық және қаржылық қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарына ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер штат санының лимиттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 12 ақпандағы N 229 қаулысына мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген республикалық бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарына ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердің штат саны **ли м и т т е р і н д е :**

6 "Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі" деген бөлімде:

1) мынадай мазмұндағы: "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мұражайы 350" деген жолмен толықтырылсын;

2) "Ордабасы" ұлттық тарихи-мәдени қорығы 40" деген жол алынып тасталсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі